

"Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 633 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 22 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6588 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 16 мамырдағы № 154 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.05.2022 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 8-бабының 20) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1 бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстау және ауыл шаруашылығы пайдаланымындағы елді мекенді жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5145 тіркелген, 2008 жылғы

10 маусымда Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының № 6 актілер жинағында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "нормативін", "нормативі", "норматив" деген сөздер "нормативтерін", "нормативтері", "нормативтер" деген сөздермен ауыстырылсын";

кіріспесінде "21)" деген сан "20)" деген санмен ауыстырылсын;

2-тармақта "А. Күрішбаевқа" деген сөздер "С. Хасеновке" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстаудың ветеринарлық нормативінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгертілмейді.

2. Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Тоқсеитова Р.Ә.) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев